

«БЕКІТЕМІН»

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ  
«Жедел медициналық жәрдем көрсету  
станциясы» ММҚ-ның бас дәрігері



Г.М.Курманбекова

«25» 2023 ж.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Шымкент 2023

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	4
4	Саясат мақсаттары мен міндеттері.....	5
5	ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылының саласы	7
6	ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері	7
7	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер.....	8
8	Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау.....	8
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар.....	8
10	Ақпараттандыру.....	9
11	Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік.....	10
12	Саяси іс-шараға қатысуы.....	10
13	Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас.....	10
14	«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерімен ара қатынас.....	10
15	Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту.....	10
16	Осы саясатты орындамағандығы (тиісті орындамағандығы) үшін жауапкершілік .....	11

## 1. Жалпы ережелер

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы аясында, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге бағытталған «ДСБ ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ы» әкімшілігімен (бұдан әрі – «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы»), қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормасын сақтайтын, түйінді қағидалары мен талаптарын айқындайтын, ««Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» ішкі құжаты болып табылады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы лауазымдық нұсқаулықтар келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 18.11.2015 жылғы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 2006.07.07. N 170 Заңымен.
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы, 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы, 03.07.2014 ж. № 226-V;
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 26.12.2014 ж. № 986;
- ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандарты.

Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының және денсаулық сақтау сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

## 3. Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе

делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табумақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### **4 Саясат мақсаттары мен міндеттері**

4.1 Саясат корпоративтік мәдениетті жетілдіру үшін жоғары этикалық стандарттарға сай ашық және әділ жүргізу, корпоративтік басқармасының үздік тәжірибелермен және тиісті деңгейде «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» іскерлік беделін сақтау және оның басшылығының адалдығын көрсету.

4.2.«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» барлық қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алуға және принциптер мен талаптарды мүлтіксіз сақтауға міндетті.

4.3 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» бас дәрігері осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған бүкіл іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты.

4.4«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» әкімшілігі алдына мақсат қояды:

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына,саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;

- сыбайлас жемқорлықтың барлық формалары мен көріністерінен бас тарту туралы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлеріне жалпы түсінік жасау;

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерінің қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру;

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлеріне осы саясаттың қағидалары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормаларды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты білу және сақтау жөніндегі міндетті орнату;

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» үнемі ішкі талдау жүргізу арқылы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықты аяқтауға негіз болатын нәтижелер бойынша себептер мен шарттарды жою үшін шаралар қабылдайтын сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі анализ жасайды.

- Саясат «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған нормативтік құжаты болып табылады.

- Саясат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне тарту тәуекелін азайту;

- атқаратын лауазымына қарамастан, «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріндегі қабылдамау туралы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» саясатының біркелкі түсінігін қалыптастыру;

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қолданылатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау;

- саясатты қолдану саласын және оның ықпалына түсетін адамдар тобынанықтау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясында» лауазымды тұлғаларын бекіту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеу;

- «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігін бекіту.

## **5.«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» әкімшілігіндесыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылының саласы**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің іс-қимылын қолдану саласын белгілеу үшін жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл менеджменті жүйесінің шекарасы мен қолданылуын, осы жүйенің мақсатына қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды анықтауға тиіс.

- шешім қабылдау бойынша көлемді, құрылым мен табысталған өкілеттік;
- жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуді болжайтын сала мен орналасқан жері;
- қызметтің сипаты, ауқымы мен күрделілігі;
- іскерлік үлгі;
- іскерлік серіктестіктер;
- қолданыстағы заңнамалар, нормативтік актілер, келісім-шарттар және кәсіби міндеттемелер мен талаптар.

### **6.«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

6.1 Саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестік принципі: іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және денсаулық сақтау саласында қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

6.2 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» басшылығының жеке тұлғалық ұстанымы: «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі болып, барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріне келіспейтін қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс.

6.3. Барлық профилді мамандар мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға тарту принципі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға лауазымға қарамастан барлық профилды мамандарды құрамы мен қызметкерлердің белсенді қатысуы.

6.4 Нөлдік толеранттылық принципі: сыбайлас жемқорлықты кез-келген нысанда және көріністерде қабылдамау.

6.5 Тәуекелдерді кезеңдік бағалау принципі: «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» тұтастай ««Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне, бекетрге тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау мерзімді негізде жүзеге асырылады.

6.6 Ашықтық принципі: «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясында» жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету.

6.7. Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі:

- атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де

жағдайларға қарамастан, «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпастығы;

- басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жауапкершілігі.

### **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер**

Барлық қызметкерлер лауазымына және жұмыс өтіліне қарамастан, өз лауазымдық міндеттерін орындау, осы саясаттың ережелерін басшылыққа алу және оның принциптері мен талаптарын мүлтіксіз сақтау.

### **8. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау**

- бағалау беруге және табылған жемқорлық қауіп-қатерді басымдылығына қарай қою;

- күтілетін жемқорлық қауіп-қатерді азайту үшін «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» бұрыннан бар басқару құралдарының жарамдылығы мен нәтижелілігін анықтауға тиіс болатын жемқорлық қауіп-қатерді бағалауды жүзеге асыру.

### **9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар**

9.1 Осы саясатқа қосымша ретінде «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері және жауапты орындаушы көрсетіледі.

9.2 Қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлер мінез-құлқының жалпы қағидалары мен принциптері белгіленеді.

9.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметіндегі нақты операцияларды айқындау болып табылады.

9.4 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мынадай тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңдық жауапкершілік;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманың талаптарымен және «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» ішкі құжаттарымен және оларды «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметінде қолдану тәртібімен танысу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

9.5 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» жүзеге асыратын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметінің нормативтік құқықтық актілердің және «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін іске асыру барынша мүдделілік тудырады.

9.6 Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қабылданған қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелерді енгізу мүмкіндігі туралы хабарлайды. «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» іскерлік қатынастарды адал түрде жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, ұжымдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

9.7. «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы, оның ішінде ғаламтор желісіндегі ресми сайтта, тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## **10 Ақпараттандыру**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, ақпараттандыру және оқыту жолмен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін көтеруіне ықпал етеді, қызметкерлерін осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтағанын құптайды және көтермелейді, осы саясатты еркін қол жеткізуге «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» ғаламтор ресурсына орналастырады.

## **11 Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.

## **12. Саяси іс-шараға қатысуы**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы саяси партияларды, ұйымдарды және қозғалыстарды қаржыландырмайды.

## **13. Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас**



«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жақын туыстарының (немесе олардың мүддесі үшін) «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы кез-келген шығыстарын, соның ішінде көлікке, өмір сүруге, тамақтануға, ойын-сауыққа және т.б. кететін, немесе олардың өзге де жолмен «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» есебінен алынған шығыстарын қаржыландырудан бас тартады.

#### **14. «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерімен арақатынас**

14.1 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қатысты негізгі қағидалар, талаптар және санкциялар туралы қызметкерлерін хабардар етіп, олардан осы саясатты ұстануын талап етеді.

14.2 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру аясында қызметкерлер үшін күндізгі және/немесе қашықтық нысанда кезеңдік ақпараттық семинарлар, сонымен қатар «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» барлық жаңа қызметкерлері үшін осы саясаттың ережесі және оған қатысты құжаттар бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі.

14.3 Жоғары тұрған лауазымдарға ұсынылу үшін кадр резервін қалыптастыру, сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану кезінде осы саясаттың қағидалары мен талаптарын «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» қызметкерлерімен сақталынған кезде ғана есепке алынады.

#### **15. Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту**

«Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» егерде қызметкер сыбайлас жемқорлық болу фактісін хабарлаған немесе парақорлықты беруге не болмаса алудан, парақорлық кезінде делдал болудан бас тартқан жағдайда, бірде-бір қызметкер санкцияларға (сонымен қоса қызметінен босатуға, қызметін төмендетуге, сыйлықтан айыруға) ұшырамайтындығына кепіл береді.

#### **16. Осы саясатты орындамағандығы (тиісті орындамағандығы) үшін жауапкершілік**


16.1 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамай осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтау бойынша, сондай-ақ сол қағидалар мен талаптарды бұзған оларға бағынатын тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

16.2 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және өзге де тұлғалары сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысқаны үшін санкцияларға ұшырауы мүмкін болғандықтан, әрқайсысынан ақылға қонымды, негізді күдік немесе сыбайлас жемқорлық фактісі қолданыстағы заңмен рұқсат етілген негізде қызметтік тергеулерге бастамашылық жасалады.

16.3 «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» құқық қорғау органдары немесе өзге де тұлғалардың бастамасы бойынша қолданыстағы

Қазақстан Республикасы заңнамасымен, нормативтік актілермен және еңбек шарттарымен көзделген тәртіпте және негізде осы саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Әзірлеген:

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Азимбаева Г.Е. 	25.01.2023	